



# Президенттің саяси реформалар жөніндегі бағдарламасы

16 наурыз 2022 жыл

# Жаңа саяси реформалардың тұжырымдамалық негіздері

1. Суперпрезиденттік басқару формасынан Парламентті мықты Президенттік республика тәсіліне түбекейлі өту
2. «Мықты Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласын іс жүзінде орындау
3. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын дамытуға бағытталған саяси реформалардың 4 пакетінің лайықты жалғасы
4. Реформалар жүйелі өрі кешенді түрде іске асады. Негізгі саяси институттардың барлығын қамтиды
5. Реформаны жүзеге асыру барысында Конституцияның 30-дан астам бабына, 7 Конституциялық заңға және 15-тен аса заңға өзгеріс енгізу көзделеді
6. Реформалар барлық денгейдегі билік өкілдеріне де, қоғамға да жаңа моральдік-этикалық ұстаным ұсынады
7. Президент бағдарламасында қоғам қайраткерлерінің, сарапшылардың, ҮЕҰ-дың пікірлері мен ұсыныстары ескерілді. ҰҚСК мүшелерімен және аймақтарда талқылаулар жүргізілді. Парламент депутаттарының, Конституциялық Кеңестің, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғарғы соттың ұсынымдары назарға алынды



# Саяси реформалардың ерекшеліктері мен бағыттары

---

1. Президент өкілеттілігін шектеу
2. Пропорционалды және мажоритарлы аралас сайлау жүйесін енгізу
3. Парламентті қалыптастыру тәртібі мен функцияларын қайта жасақтау
4. Мәслихаттардың рөлін күшету
5. Саяси партияларды тіркеу процедурасын жөнілдету. Партиялық жүйенің мүмкіндіктерін көңеңту
6. Сайлау процессын жетілдіру
7. Сот жүйесінің тәуелсіздігі мен ашықтығы
8. Азаматтық қоғам институттары мен БАҚ өкілдерінің рөлін арттыру
9. Азаматтардың негізгі құқықтарын қорғау

# Президенттік өкілеттілікке шамадан тыс үстемдік беруден бас тарту



1. Президенттің жақын туыстарының саяси мемлекеттік қызмет және квазимемлекеттік сектор басшысы болуына тыйым салу
2. Президент өзінің президенттік өкілеттілігін атқару кезінде саяси партияға мүшелігін тоқтатуы қажет
3. Мемлекет басшысының облыс, респубикалық маңызы бар қала және астана әкімдері актілерінің күшін жою немесе тоқтата тұру жөніндегі құзыретін алып тастау
4. Президенттің аудан, қала, ауылдық округ әкімдерін қызметінен алу құқын жою
5. Президенттің Сенаттағы квотасын 15-тен 10-ға қысқарту
6. Президенттің Конституциялық сот төрағасын және Жоғарғы сот кеңесі төрағасын тағайындауы үшін Сенаттың келісімі міндетті
7. Президент облыс және респубикалық маңызы бар қала әкімдерін тағайындауға мәслихаттардың келісімін алуы үшін баламалы негізде кемінде екі үміткер ұсынады

# Парламентті күшейту

## Сенат

- Президенттің Сенаттағы квотасын 15-тен 10-ға дейін қысқарту (олардың ішінде 5-і ҚХА-ның ұсынысы бойынша). Қазақстан халқы Ассамблеясының квотасын Мәжілістен Сенатқа беру.
- Сенат Мәжіліс қабылдаған заң жобаларын «қабылдамайды», керісінше «келіседі/келіспейді».
- Президент Конституциялық сот төрағасын, Жоғарғы сот кеңесі төрағасын тағайындауды үшін Сенаттың келісімін алады



## Мәжіліс

- Мәжілісті 70/30 қатынасында (70% партиялық тізім бойынша, 30% бір мандатты округтер бойынша) аралас жүйемен (пропорционалды-мажоритарлық) қалыптастыру
- Мажоритарлық жүйе бойынша сайланған депутаттар үшін императивті мандат енгізу
- Мәжілістегі Қазақстан халқы ассамблеясының квотасын жою
- Есеп комитеті Жоғары Аудиторлық палата болып өзгереді. Палата төрағасы өз жұмысы жөнінде жылына екі рет Мәжілісте есеп береді

# Саяси партияларды тіркеу процедурасын жөнілдету

- ✓ Тіркеу шегін 20 мыңдан 5 мың мүшеге дейін төмендету
- ✓ Өнірлік өкілдіктердің ең аз санын 600-ден 200 адамға дейін азайту
- ✓ Партия құру үшін бастамашыл азаматтар тобының ең аз санын 1 мыңдан 700 адамға дейін қысқарту
- ✓ Филиалдарды құру мерзімін 6 айдан 1 жылға дейін ұлғайту
- ✓ Құрылтай съезін өткізу мерзімін 2 айдан 3 айға дейін ұзарту
- ✓ Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатасының, Конституциялық сottтың тәрағалары мен мүшелерінің партиядан міндетті түрде шығуы керек
- ✓ Әкімдер мен әкім орынбасарларының партия филиалдарында қызмет атқаруына заңнамалық түрғыдан тыйым салу

# Сайлау процессін жаңғырту

- ✓ Орталық сайлау комиссиясы мүшелері мен өкілдерінің партия қатарынан шығуы міндеттеледі
- ✓ Аймақтық сайлау комиссиясын тұрақты жұмыс істейтін, кәсіби мамандардан жасақтау қажет
- ✓ Бақылаушылардың қызметін Заң жүзінде реттеу
- ✓ Сайлаушылардың бірыңғай электронды базасын қалыптастыру
- ✓ Дауыс беру процессінің балама түрлерін кезең-кезеңімен кеңейту
- ✓ Жекелеген тұлғалардың ықпал етуін болдырмау мақсатында сайлау қорларына аударылатын қайырымдылықтың шекті көлемін белгілеу
- ✓ Сайлау процессіне шет елдердің араласуын болдырмау принципін күшейту



# Жергілікті атқарушы және өкілетті билік органдары

Аудандық және қалалық мәслихаттардағы сайлаудың мажоритарлық жүйесін және барлық деңгейдегі облыстық мәслихаттардағы сайлаудың аралас жүйесін (пропорционалды-мажоритарлық - 50/50) және императивті мандатты енгізу

Мәслихат төрағасы қызметін енгізу

Президент облыс әкімі қызметін тағайындауға мәслихаттардың келісімін алуды үшін баламалы негізде кемінде екі үміткер ұсынады

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының экономикалық дербестігін нығайту

Әкімдер мен әкім орынбасарларының партия филиалдарында қызмет атқаруына заңнамалық тұрғыдан тыйым салу

Әкімдер орынбасарларының санына шектеу (үштен көп емес, ерекше жағдайларда – төрт)

# Сот және құқық қорғау жүйесін жетілдіру

- ✓ Конституциялық кеңес Конституциялық сот болып өзгереді
- ✓ Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің мәртебесі мен қызметін Конституцияда жеке бап ретінде (прокуратураға ұқсас) регламенттеу. Адам құқықтары жөніндегі уәкілге Конституциялық Сотқа жүгіну құқығын беру
- ✓ Прокуратура, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы заңдарға Конституциялық заңдар мәртебесін беру



- ✓ Жоғары Сот Кеңесі отырыстарын онлайн өткізу. Жоғары Сот Кеңесінің конкурс қорытындысы бойынша түсініктемелерін жариялау
- ✓ Алқабилер сотының қатысусымен өтетін істердің санатын кеңейту (Қазір өте ауыр істер ғана қаралады)
- ✓ Бас прокуратураға азаптау туралы істердің айрықша тергеулігін белгілеу
- ✓ Конституциядан өлім жазасын жазалау түрі ретінде алып тастау

# Азаматтардың негізгі құқықтарын қорғау

- ✓ Конституциядан өлім жазасын жазалау түрі ретінде алып тастау
- ✓ Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің мәртебесі мен қызметін Конституцияда жеке бап ретінде (прокуратураға ұксас) регламенттеу. Адам құқықтары жөніндегі уәкілге Конституциялық Сотқа жүгіну құқығын беру
- ✓ Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы заңға Конституциялық заң мәртебе беру
- ✓ Бас прокуратураға азаптау туралы істердің айрықша тергеулігін белгілеу
- ✓ Отбасылық және тұрмыстық қатынастарда орын алатын құқық бұзушылықтарға қарсы тиімді іс-қимыл



# Азаматтық қоғам институттарының және БАҚ-тың рөлін күшейту

1. Өнірлердегі қоғамдық кеңес өкілдерінің, партия басшыларының, Парламент депутаттарының, Азаматтық Альянс басшылығының, жұртшылық өкілдері мен сарапшылардың қатысуымен жаңа «Ұлттық Құрылтай» институтын құру
2. Сарапшылардың, ҮЕҰ және БАҚ өкілдерінің қатысуымен барлық ұлттық жобалар мен стратегиялық құжаттарды қоғамдық талқылау өткізу
3. Барлық коммерциялық емес ұйымдардың қаржылық есептілігінің, құрылтайшылар құрамының, мүлкінің, кірістері мен шығыстарының жариялышының міндеттеу
4. БАҚ туралы жаңа заң өзірлеу және қабылдау. Отандық БАҚ-тың бәсекеге қабілеттілігін арттыру
5. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының айрықша құзыреттерін қысқарту

